

Аязбаева Сара Кайыргалиевна

"Теңге бөбекжай-бақшасы" тәрбиешісі

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

Мектепке дейінгі мекемелерде рухани жаңғыру аясында Абай Құнанбаев шығармашылығын оқытудың маңызы

Жас ұрпақтың тәрбиесі алғаш балабақшадан басталмақ. Балабақшадан бастап балаларды Абай іліміне сусындату біздің, тәрбиешілердің міндеті. Абай Құнанбаев шығармашылығы, өмірбаяны, туған жер, өскен ортасы жайлы балалар оқу қызметінен тыс уақытта мәлімет алады. Ақынның өсіп келе жатқан жас буындардың күнделікті өміріне іс жүзінде қажетті аса құнды ой-тұжырымдарын балабақшадан бастап жас ерекшеліктеріне лайықтап танытудың қажеттілігі мақсатты түрде алға қойылуда. Ақын шығармашылығы мен өміріне қатысты балабақшамызда өткізілетін тақырыптар көп жағдайда педагогикалық жүйелілік бірізділік, сабақтастық секілді т.б қағидаларға сәйкес келе бермейді. Міне осындай мәселелерді шешуге үлес қосу мақсатында осы тақырыпты арнап отырмын. Мектепке дейінгі мекемелерден бастап Абай атамыздың балаларға арналған өлеңдері, табиғат лирикасы таныстырылып, тәрбиелік –іс шаралар жүргізілсе, болашағымыз жарқын болмақ дегім келеді. Нағыз қазақтың қара домалақ баласы Абай атамызды балабақша жасынан бастап тану керек!

Абайды мектепке дейінгі мекемелерде оқыту, тәрбиелік принциптерімен тығыз байланысты. Абай шығармалары сөз өнерінің биік үлгісі ретінде әдебиетті оқытудың мақсат-мүддесіне толық жауап береді. Балабақшада, стандарт бойынша оқу қызметтерінде Абай Құнанбаев туралы өтпелі тақырып жоқ, бірақ тәрбиеші күннің екінші жартысында Абайтану үйірмесін ұйымдастыруға болады. Ол үйірмеде Абай атамыздың балалық шағы, балаларға арналған қара сөздері мен өлеңдері сағат саны болып бекітілсе, әр атаана да қуанышты болар еді. Ал баланың сол тақырыптарды қабылдауы қандай болды, қандай әсер- күй қалыптасты немесе бала өз тарапынан

шығарманың ішкі мазмұнын қабылдай алды ма, сол шығармаға баға беруге талаптана ала ма деген мәселелері туындауы мүмкін. Бірақ баланың қабілеті Абай атамыздың өлеңдерін жылдам жаттайтының тәжірибе барысында көрдім. Мектепке дейінгі мекемелерде Абайдың жыл мезгіліне арналған өлеңдерінде жыл мезгілдеріне тән белгілерді суреттеп, табиғат көрінісін елестете отырып, әлеуметтік жағдайды көрсету, соны айқындау ниеті басым жатыр. Әр бала төрт мезгіл бойынша суреттерді ажыратып, төрт мезгілге байланысты өлеңдерді жаттап ала алды, және оларды суреттегі бейнелерін ажыратып көрсете білді. Төрт мезгілге байланысты дидактикалық ойындар ойнатылып, Абайдың табиғат лирикасына байланысты сурет көрмесі де ұйымдастырылды. Абай шығармаларын балабақшада тәрбиелік мақсатта пайдалануда педагог – ғалымдар мен психологтардың жас ерекшеліктері туралы ілімін және Абайдың өзінің жас балаларға арналған тәрбиелік пікірлеріне сүйену – іс- шаралардың нәтижелі болуының кепілі. Бұл орайда Абай шығармалары тәрбиелік мақсатқа қол жеткізудің құралы ретінде қарастырылуы, тәрбиелік іс – шараның мазмұны емес, керісінше, тәрбиелік мазмұнды жүзеге асыратын құрал болуы керек.

Мәселен, балалардың бойына сіңіретін негізгі әдет, дағдыларының бірі оларды тәртіпке бойсынуға тәрбиелеу болса, ақын шығармалары осы мәселені шешетін құрал ретінде қолданылуы керек.

Сол сияқты тәрбиелік іс – шаралардың арқауы балаларға жалпы еңбек туралы мәлімет бере отырып ойындағы еңбекке көзқарас, оқу еңбегі дағдыларын қалыптастыру болса, мұны жүзеге асыруда ақын шығармаларынан көптеп көмекші материалдар табуға болады.

Балалардың өзіне сенімділігін тәрбиелеу. екен» деген жан құмарының басымдығымен қатар қайратының әлсіздігі, әсерленгіштік пен жақсы оқуға ұмтылумен қатар бір нәрсеге ұзақ көңіл қоюының қиындығы, зейінділігі жақсы болғанымен, табандылығы нашар. Сол себепті психикасы тұрақсыз, ал бұл бастаған ісін соңына жеткізу, әр нәрсені өз уақытында атқару, асықпай тиянақты істеу, өзін тежеу, артын

ойлау, тәрбиешінің айтқандарына көңіл қойып тыңдау сияқты іс - әрекеттеріне кедергі келтіреді. Мұның барлығы, бір сөзбен айтқанда, - тәртіп делінеді. Осылардың бәрін орындау тәртіптілікке қатысты. Сондықтан балабақшадан бастап-ақ балаларды тәрбиелеу аса маңызды. Сондықтан бааларды тәртіпке бойынсынуға тәрбиелеуде Абай шығармаларын тиімді пайдалануға болады. Мәселен, ақынның 32- қара сөзіндегі пікірді арқау етіп, балаларға оқудағы мақсат білу, білмекке ұмтылу, ал білу деген көргенін, естігенін көңілге түйіп, тағы да білмегенін білу үшін пайдалану. Мұны 19-қара сөзіндегі «естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады ... Сол естілердің естіп білген жақсы нәрселерін ескермес, жаман дегеннен сақтаса, сонда іске жарайды... Мұндай сөздің есіткенде жайқақтап салғырттанып не салбырап, салғырттанып естісе, не есіткен жерін қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса ... ондай адамға сөз айтып сөз айтып не керек», - деген үзінділер мен өлеңдеріндегі осы секілді пікірлерді пайдалануға болады. Бұлар, әрине бала ұғымына ауыр да болар, дегенмен, тәрбиешінің көмегімен игертуге болады. Осы бағытта балалардың бойында тәрбиелі болу дағдыларын қалыптастыруда Абай шығармаларынан көптеген материалдар тауып пайдалануға болады. Мектепке дейінгі мекемелерден бастап Абай ілімін оқыту бүгінгі заманның өзекті мәселесі. Жасұрпағымыздың бойына Абайд ілімін сусындатсақ, Абайдың қарасөздерінің тәрбиелік мәнін игертсек – болашағымыз жарқын, ертеңгі ел болашағы жастарымыздың ел басқарар білімді азамат болатынына сенім білдіремін. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ, «Абайдың қарасөздері – бұл сыншылдық, ойшылдық, көбіне адамгершілік мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді». Абай шығармаларының жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеудегі маңызы ешуақытта жойылмайтынын айта келе, болашақта Абайтану үйірмесі мектепке дейінгі мекемелерден бастап жүргізілсе деген ниеттемін.